

**Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін
Сингапурдағы (Сингапур) 2010 жылғы I Жасөспірімдердің Олимпиада ойындарындағы
жоғары нәтижелері үшін көтермелеу мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 қазандағы № 1023 Қаулысы

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін Сингапурдағы (Сингапур) 2010 жылғы I Жасөспірімдердің Олимпиада ойындарындағы жоғары нәтижелері үшін көтермелеудің мынадай мөлшері бекітілсін:

1) с п о р т ш ы л а р ү ш і н :

алтын медаль үшін - 10000 АҚШ долларына баламалы мөлшерде;

күміс медаль үшін - 5000 АҚШ долларына баламалы мөлшерде;

қола медаль үшін - 3000 АҚШ долларына баламалы мөлшерде;

2) жоғары нәтижелер көрсеткен спортшылардың дайындығын қамтамасыз еткен ж а т т ы қ т ы р у ш ы л а р ү ш і н :

алтын медаль үшін - 5000 АҚШ долларына баламалы мөлшерде;

күміс медаль үшін - 3000 АҚШ долларына баламалы мөлшерде;

қола медаль үшін - 2000 АҚШ долларына баламалы мөлшерде».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*